

Ел болу үшін – ұлттық
рух, ұлттық қасиет
және ұлтқа деген сенім
болуы керек.

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...» 3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!» 9

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 20 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
832 011

II компонентпен
665 472

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

10

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



ТӘШЕНЕВКЕ ТАҒЗЫМ!



Нұр-Сұлтанда қоғам және мемлекет қайраткері, кезінде
Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған
Жұмабек Тәшеневке еңселі ескерткіш ашылды.

Ескерткіш Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық
орталығы ғимаратының алдындағы алаңда, Тәшенев көшесінде

орналасқан. Ескерткіштің ашылуына арналған салтанатты
жиында Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Асхат Оралов
алғашқы сөз кезегін алды.

2

АНА РИЗА, БАЛА МӘЗ...

Алматы аулаларында спорт нысандары мен
ойын алаңдары көбейді



Алматыда абаттандыру жұмыстары ешқашан
тоқтаған емес. Керісінше, қаланы көркейтіп, дамыта
түсетін шаруалар қыза түскендей. Игі шаралар Алматы
қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қала
тұрғындары үшін спорт нысандарының қолжетімді
болуын қамтамасыз ету туралы тапсырмасы аясында
қолға алынып жатқаны белгілі.

6-7

ҚЫСҚА...

- Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой 10 млн. 890 мың адамға шаққанда коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналарды сатып алуға биыл 95,3 млрд. теңге жұмсалғанын айтты. Барлығы 14,28 млн. доза.
- Еліміздегі жерасты суларының 50 пайызы оңтүстікте шоғырланған.
- Еуразия экономикалық одағы жоғарғы кеңесінің отырысы Алматыда биыл желтоқсан айында өтетін болды.
- Алматыда аймақтық және субөңірлік мәртебеге ие БҰҰ-ның 18 агенттігінің өкілдігі орналасты.
- Алматылық патрульдік полицияға және жергілікті полиция қызметінің мамандандырылған батальонына 20 «КТМ» мотоциклі берілді. Олар көліктер көп кезде жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, кептелісті реттеуге және жол-көлік оқиғасы болған жерлерге жедел жетуге арналған.



ТӘШЕНЕВКЕ ТАҒЗЫМ!

(Басы 1-бетте)

**Рая
ЕСКЕНДІР**

– Бүгін еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қосқан көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеневке ескерткіш ашылып отыр. Бұған дейін Нұр-Сұлтанда мемлекет қайраткерінің құрметіне көше атауы берілсе, жақында ғана астаналық мектепке есімі берілген болатын.

Жұмабек Тәшеневтің мүсіні комиссия мүшелерінің, зиялы қауым өкілдерінің және оның ұрпақтарының келісімімен жасалды. Сондай-ақ, ескерткіштің орналасқан жері таңдалды, – деді ол.

Жұмабек Тәшенев ескерткішінің авторлары – сәулетші Қ.Қорғанов пен мүсінші Е.Ержанов.

Мүсін қоладан құйылып, тұғыры граниттен жасалған. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 8,2 метр.

Ұлт қайраткері Жұмабек Тәшенев 1915 жылы наурыз айында Ақмола облысының Танагүл ауылында дүниеге келген. Әр жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болды.

Ашық дереккөздерден алынған мәліметтер бойынша, Тәшенев 1960 жылдың соңында Солтүстік Қазақстанның бес облысын біріктіріп, Қазақ КСР құрамынан өлкені бөлу мүмкіндігімен Тың өлкесін құру жобасына қарсы әрекет жасады. Ол



Кеңес Одағының Конституциясына жүгініп, Никита Хрущевтің идеяларына ашық қарсы шықты. Қазақ жерінің тұтастығының сақталуына зор еңбек сіңірген қайраткер. Жұмабек Тәшенев 1986 жылы

18 қарашада Шымкентте дүниеден озды. Ж.Тәшеневтің құрметіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Көкшетау қалаларында, Ақмола облысының Аршалы кентіндегі көшелерге оның есімі берілді.

3 МЫҢ БАЛАНЫ ҚУАНТТЫ



**Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ**

Жаңа оқу жылы қарсаңында бастау алатын республикалық «Мектепке жол» акциясы биыл да жалғасын тауып отыр.

«Nur Otan» партиясы мен қалалық Мәслихат депутаттары республикалық қайырымдылық акциясына тұрақты түрде көмек көрсетіп келсе, биыл да белсене қолдау көрсетуде. Жақында акция аясында 3 мың алматылық оқушы мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтылды.

Биыл халық қалаулылары оқушыларға сөмкелермен қатар, отандық киім өндірушілерден мектеп формасын сатып алу үшін сертификаттар табыс етті.



– Балаларымыздың қуанғанын көрудің өзі – қуаныш. Жетісу ауданындағы әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың 100 баласына оқушы сөмкесі

мен қажетті құрал-жабдықтарды табыс еттік. Әлі де көмек көрсетеміз, – деді қалалық Мәслихат депутаты Қайрат Құдайбергелі.

Қайырымдылықты өзінің азаматтық міндеті санайтын қалалық Мәслихат депутаты Ерболат Қасымов былай деді:

– Сөмкенің ішінде дәптер, қалам бәрі бар. Сондай-ақ, мектеп формасына арналған сертификат та бар. Бір тиімді тұсы – сертификатты биыл да, келесі жылы да ауыстыруға болады. Менің тарапымнан 114 сертификат беріліп отыр.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын көресің» деген тәмсіл тегін айтылмаса керек. Дәл осындай жауапты кезеңде ұрпақ тәрбиесі мен тағдырына бей-жай қарамайтын ұлтжанды азаматтардың үн қатып, қолдау білдіргені – үлкен сауапты іс.

ӘРІПТЕСТІКТІҢ АЙМАҚТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Алматыдағы халықаралық ұйымдар ғимаратында БҰҰ-ның 18 агенттігінің өкілдігі орналасты



**Динара
МҰРАТ**

Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахметуллин БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек көрсету миссиясы неге Алматыны уақытша тұрақ ретінде таңдағанын түсіндірді. Вице-министрдің айтуынша, БҰҰ басшылығы Ауғанстан миссиясының қызметкерлерін уақытша орналастыратын жер ретінде бірнеше нұсқаны қарастырған.

«Алматыны таңдауына бірнеше фактор себеп болды. Мысалы, оңтүстік астанамыз қаржы және іскерлік белсенділіктің ірі аймақтық орталығы саналады. Инфрақұрылымы дамыған, сондай-ақ, әлемнің басқа елдерімен әуе қатынасы қолайлы. Бұл тұста еліміздің өңірлік

және ғаламдық қауіпсіздік бойынша абыройы да зор рөл атқарды. Алматыны көпжақты әріптестіктің аймақтық орталығы деп атауға болады», – деді вице-министр.

Оның сөзінше, бүгінгі таңда Алматыдағы халықаралық ұйымдар ғимаратында БҰҰ-ның 18 агенттігінің өкілдігі бар.

18 тамызда Алматыға БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек миссиясының 141 қызметкері ұшып келген. БҰҰ республика басшылығына қызметкерлерді уақытша қабылдап, қашықтан жұмыс істеуіне көмек сұрап жүрген. Президент бұл ұсынысты қолдағандықтан, БҰҰ қызметкерлері елде бірнеше ай болады деп болжанып отыр. Олардың шығынын БҰҰ көтереді.

Әуе дәлізін құруға ынталы



**Әсел
ДАҒЖАН**

БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек көрсету жөніндегі миссиясының арнайы өкілі және басшысы Дебора Лайонс миссия қызметкерлері Алматыдан Кабулға қалай қатынауы мүмкін екенін айтты.

«Біз Алматыдан Ауғанстанға тікелей рейс жасау үшін келісімшарт жасай аламыз. Бірақ қазір бұл мүмкін емес. Дегенмен, халықаралық қызметкерлеріміз Ауғанстанға ұшып, бір-бірін ауыстырып отыруы үшін алдағы айларда осындай дәліз құра аламыз деп үміттенеміз. Бұл бізге Ауғанстандағы жұмысымызды жалғастыруға мүмкіндік береді. Осылайша қызметкерлерді алмастырып отырар едік», – деді

Дебора Лайонс орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

БҰҰ өкілі бұл мәселе жуық арада біржақты шешілуі мүмкін деген ой айтты. «Көбіміз коронавирус инфекциясының салдарынан қашықтан жұмыс істеуге үйреніп қалдық. Біз Кабулмен өте тиімді байланыс орнаттық, осы кездесуден шыққаннан кейін мен Кабулмен көптеген мәселені шешу үшін бірқатар қоңырау шалуымыз керек. Адамдардың ауысымын қамтамасыз ету үшін әрине, рейстердің болуы өте маңызды және бұл біз жұмыс істейтін негізгі басымдықтардың бірі болады. Біз бұл мәселелерді Дохамен де талқылап жатырмыз», – деді Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауғанстанға көмек көрсету жөніндегі миссиясының арнайы өкілі.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда шамамен,
2,6 миллион
ағаш бар.



«Жасыл Алматы»
бағдарламасы
аясында қалада
480 мыңнан астам
ағаш отырғызылды.



Қалада күзге қарай
10
экобөкет орнатылады.



Метрополисте ауаны
ластайтын
залалды шығындар көлемі
128 мыңнан 70 мың
тоннаға
дейін төмендеген.



Шаһарда ауа мониторингі
туралы деректер
49 LED-экран
арқылы көрсетіледі.



Алматының саябақтарын
көгалдандыруды
63 гектарға жеткізу
жоспарланып отыр.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

Лаура ШАПАЙҚЫЗЫ,
«Болашақ» бағдарламасының түлегі,
PhD докторы:



— Тәуелсіздік — ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген күн. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры, ол — қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр.

Шынында, ұлт татулығының аржағында ел мен ел арасындағы жақсы қарым-қатынас, экономикалық даму жатыр. Барлық қазақстандықтар, ең алдымен, барша батыр бабаларымызға алғыс айтуға міндеттіміз. Себебі, бізге қасық қандары қалғанша, болашақ ұрпақ үшін күресті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын отансүйгіштік дегеніміз — жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету», — деген болатын. Біз жастар елімізге қызмет етуге тырысамыз.

Төлеген ҚЫДЫРБЕК,
«Jas Otan» жастар қанатының мүшесі:



— «Тәуелсіздік»... Бұл сөзді естігенде «Мен — қазақпын» деген әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы Тәуелсіздік еді. Біз ол кезеңді көрмесек те, қазақтың таңғажайып тарихын, деректерін оқу арқылы білеміз. Осы бақытқа жету жолында Алаш ардақтыларының басын бәйгеге тіккені, одан кейін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың қайсарлығы көз алдымызға елестейді.

Жер бетіндегі қарапайым жандарға зер салсақ та, олардың өз бетімен ешкімге бағынышсыз тіршілік етіп жатқанын байқаймыз, тіпті Көк байрағымыздың символы болған қыран құс та аспанда еркін самғағысы келеді емес пе! Әлемде 240-қа жуық мемлекет болғанымен, оның ішінде күні бүгінге дейін басқа мемлекетке бағынышты өмір кешіп, тәуелсіздігін алмағаны қаншама! Сонау 1776 жылдың 4 шілдесінде Америка Құрама Штаты құрылып, Тәуелсіздік декларациясын қабылдады. Ал ол кезде қазақ халқының тағдырына егеменді ел болу үшін жоңар, қалмақтармен соғысу жазды.

Бұл күндері Қазақстан — егемендігін алған жас мемлекет. Алайда, оның 3 мың жылдық тарихы бар қасиетті ел екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Сол уақыттан бері қазақ халқы егеменді ел боламыз деп талай тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сондықтан мен Тәуелсіздікті таусылмас тарих деп білемін.

Айғаным ИХСАХАНОВА,
қобызшы:



— Тәуелсіздік — бабалар арманы, қазіргі ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Биыл еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгеніне — 30 жыл! 30 жыл ішінде еліміз шекарасын бекітіп, өз алдына дербес, зайырлы ел болды. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл — көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт.

Мен осы Тәуелсіздіктің ақ таңында дүниеге келдім. Менің ес жинаған уақытым, балалық шағым барлығы осы Тәуелсіздік жылдарымен қатар келе жатыр. Осы Тәуелсіздігіміздің арқасында мен әлемнің түкпір-түкпірінде өткен, атап айтқанда, Түркия, Македония, Италия, Франция мемлекеттерінде өткен әлемдік додаларға қатысып, бағымды сынадым.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны — қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

Әзірлеген
Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

19 ЖАҢА ҒИМАРАТ коммуналдық меншікке берілді

Динара
МҰРАТ

Алматыда жыл басынан 3 мектеп, 6 көпқабатты үй, «Жедел жәрдемнің» қосалқы станциясы, психиатриялық аурухана орталығының қосымша аймақтары, учаскелік полиция бекеттері мен сауда павильоны қала әкімдігінің коммуналдық меншігіне айналды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі барысында қалалық Мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Серік Ибраев мәлім етті. Қабылданған 19 объектінің жалпы құны 12 миллиард 245 миллион теңгені құрайды.

«Бұлар — жаңадан салынған нысандар. Олардың ішінде «Мамыр-1» шағынауданындағы 1200 орынды жаңа мектеп ғимараты, сондай-ақ №123 пен 164 мектептердің жаңа ғимараттары бар. Сонымен қатар, үш жаңа денсаулық сақтау нысаны салынды.



Суретті түсірген Саят СЕРІКМҰЛЫ.

Олар — патологоанатомия бюросы, жедел жәрдемнің қосалқы станциясы, психиатриялық аурухана орталығының кеңейтілген аймақтары. Алты көппәтерлі тұрғын үй коммуналдық тұрғын үй қорына қосу үшін Тұрғын үй саясаты басқармасына, алты учаскелік полиция пункті Алматы Полиция департаментінің балансына, бір сауда павильоны Туризм басқармасына берілді», — деді С.Ибраев.

Сонымен қатар, 75 жылжымайтын мүлік объектісі республикалық меншіктен коммуналдық меншікке

берілді. Бұл тізімде Тұрғын үй саясаты басқармасына жекешелендіру үшін берілген 53 пәтер, Алматы теміржол ауруханасы, №9 Оқушылар үйіне бір ғимарат, Жетісу ауданындағы балаларға арналған орталық ашуға арналған ғимарат, Полиция бөлімінің емханасы, Арнайы жедел отрядтың взводы орналасатын бір ғимарат және басқалары бар.

С.Ибраев жалпы құны 99,8 миллион теңге болатын үш нысан сыйлық келісімі бойынша қабылданғанын айтты. Бұл Алматы ауданындағы «Арка» өнер объектісі, сонымен қатар, Төлебаев көшесі, 25/18 мекенжайдағы ғимарат, ол қазір дайындық сыныптарын ашу үшін Білім басқармасына бекітілген.

Ал үшінші объект — Амангелді көшесі, 68 А ғимараты, онда «Баум тоғайының» және оны жасаушылардың тарихына арналған мұражай экспозициясын құру жоспарлануда. Сонымен қатар, гербарий қоры болады. Ғимарат «Медеу» МАТП балансына берілді.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

КӨҒАЛДАНДЫРУ СЯСАТЫ ӨЗГЕРДІ

Алматы жасыл алаңдар мен саябақтарға айналады

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында қалалық Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская мәлімдеді.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Спикердің айтуынша, ағаш отырғызу «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында жүргізілуде. Наталья Ливинская атап өткендей, ауқымды абаттандыру жұмыстарымен қатар, көгалдандыру саясатының өзі түбегейлі өзгерген.

— Біз бақылаусыз отырғызудан ағаш күтіміне, жасыл қорды сауықтыруға және биоәртүрлілікті сақтауға көштік. Алматының жасыл желектерін суландыру үшін жаңа скважиналар салынды, суармалы арық торабына инвентаризация жүргізілді, суару жұмыстары күшейтілді, — деді Жасыл экономика басқармасының басшысы.

Басқарма мамандарының мәліметінше, Алматыда 2,6 миллион ағаш бар, оның 23 пайызы «ауырып» тұр.

Эфир барысында Н.Ливинская «Жасыл Алматы» бағдарламасының орындалуы туралы егжей-тегжейлі баяндап, мұндағы мақсат — жасыл желекті қалпына келтіру ғана емес, қаланың жасыл қорын дамыту екенін айтты.

— Бағдарламаның нәтижесінде қалада 480 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Биыл 350 мың ағаш отырғызу басталды, көктемде 64 мың ағаш отырғызылған болатын. Негізгі отырғызу осы күзде жүргізіледі, себебі тіршілік үшін ең қолайлы маусым, — деді басқарма басшысы.

Бұл ретте жасыл желектердің тізілімі қалыптасты, онда әр ағаштың электронды паспорты бар. Реестр жасыл қордың сапалық және сандық жағдайының есебін жүргізуге мүмкіндік береді. Жүйе сонымен қатар, отырғызу алаң-

дарын, оның ішінде өтемақыны бақылауға мүмкіндік береді. Жүйе 2021 жылдың қыркүйегінен бастап басшылықтың ресми сайтында қолжетімді болады.

Қазіргі таңда ағаштарды сауықтандыру мен емдеу, зиянкестер мен зертхана сатып алуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта конкурстық процедуралар жүріп жатыр, оны жылдың соңына жеткізу жоспарланған.

Техникалық реттеу және метрология департаменті қалада сатылатын отынның сапасын бақылау жұмыстарын бастады. Сондай-ақ, автокөліктерді техникалық байқаудан өту тәртібін қатаңдату бойынша шаралар қабылданады.

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында Алматыда мегаполистің әр жеріндегі ауа сапасы туралы қалалықтарды хабардар ететін жоба іске қосылғаны айтылды. Ауа мониторингі туралы деректер LED-экрандарда көрсетіледі.

Н.Ливинская атап өткендей, кондиционерді бақылау туралы ақпарат 41 сенсор арқылы алынады және қаланың 49 LED-экранына беріледі, сонымен қатар Алматы телеарнасында көрсетілетін болады. Деректер күніне үш рет жаңартылады. Сондай-ақ, биыл қосымша 60 ауаны бақылайтын датчиктерді орнату жоспарланған.

— Барлық деректер ақпаратты жинауға, талдауға және өңдеуге арналған ГАЗ жүйесінде көрсетіледі. Осылайша қоршаған орта сапасының жай-күйін ықтимал болжау үшін мәліметтер базасы қалыптастырылады, — деді Жасыл экономика басқармасының басшысы.

Бұл жұмыс бүкіл қала, әкімшілік аудандар мен нақты нысандар бойынша ауа ағындарына талдау жасайды. Қала маңындағы желдің екпіні мен оның ауа сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Жасыл эконо-

мика басқармасы лаптаушы автокөліктерді қала бойынша қозғалыс кезінде анықтайтын үш мобильді пост және зертхана сатып алуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта конкурстық процедуралар жүріп жатыр, оны жылдың соңына жеткізу жоспарланған.

Техникалық реттеу және метрология департаменті қалада сатылатын отынның сапасын бақылау жұмыстарын бастады. Сондай-ақ, автокөліктерді техникалық байқаудан өту тәртібін қатаңдату бойынша шаралар қабылданады.

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында Алматыда мегаполистің әр жеріндегі ауа сапасы туралы қалалықтарды хабардар ететін жоба іске қосылғаны айтылды. Ауа мониторингі туралы деректер LED-экрандарда көрсетіледі.

Н.Ливинская атап өткендей, кондиционерді бақылау туралы ақпарат 41 сенсор арқылы алынады және қаланың 49 LED-экранына беріледі, сонымен қатар Алматы телеарнасында көрсетілетін болады. Деректер күніне үш рет жаңартылады. Сондай-ақ, биыл қосымша 60 ауаны бақылайтын датчиктерді орнату жоспарланған.

— Барлық деректер ақпаратты жинауға, талдауға және өңдеуге арналған ГАЗ жүйесінде көрсетіледі. Осылайша қоршаған орта сапасының жай-күйін ықтимал болжау үшін мәліметтер базасы қалыптастырылады, — деді Жасыл экономика басқармасының басшысы.

Бұл жұмыс бүкіл қала, әкімшілік аудандар мен нақты нысандар бойынша ауа ағындарына талдау жасайды. Қала маңындағы желдің екпіні мен оның ауа сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!» Санақ қымбатқа түспейді

Әсел
ДАҒЖАН

Халық санағы кезінде бір қазақстандыққа қанша қаржы жұмсалатыны белгілі болды.

Күздегі Халық санағын өткізуге 32 300 адам жұмылдырылады. Олардың орташа жалақысы – 109 мың теңге. Бір сұхбат беруші 833 адамнан пікір жинауы керек. Жалпы алғанда, биылғы халық санағының бюджеті 9,1 млрд. теңгені құрайды. Мұндай мәліметтерді Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді. Спикердің айтуынша, бұл қаржы 19051000 адамға есептелген.

– Салыстыру үшін айтсам, 2009 жылғы халық санағында 16 млн. адамға 6,5 млрд. теңге бөлінді. Яғни бір адамға доллармен жұмсалатын шығын ол кезде 2,9\$ болса, қазір жан басына шаққанда 1,1\$. Іс жүзінде бұл – арзан санақ. Мәселен, көрші елдерді айтсақ, оларда әлдеқайда көп қаражат жұмсалады. Ресейде 1 адамға жұмсалатын шығын 3,6\$, – деді Нұрболат Айдапкелов.

Ұлттық статистика бюросы басшысының мәліметінше, 27 мың планшет сатып алынған. Науқан аяқталғаннан кейін планшеттердің бір бөлігі Статистикалық зерттеулер бюросына қалдырылса, ал қалғаны мектептер мен ауруханаларға таратылмақшы.

ЭКОНОМИКА

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин инвесторлар үшін қай саланың тартымды екенін айтты.

Е.Оразалиннің айтуынша, экономикалық өсу қарқынының оң динамикасы байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 538,6 млрд. теңге.

Сонымен қатар, инвестициялар үш көзден тартылды, олардың негізгі үлесі кәсіпорын иелерінің өздеріне тиесілі – 66,1 пайыз (356,1 млрд. теңге), қарыз қаражаты – 18 пайыз (96,5 млрд. теңге), мемлекеттік бюджет – 15,9 пайыз (86 млрд. теңге).

«Биылғы жылы жылжымайтын мүлікке – 255 млрд. теңге, көлік пен қоймаға – 65,1 млрд. теңге, өнеркәсіпке – 50,4 млрд. теңге және қаржылық және сақтандыру қызметіне – 34 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылды», – деді Е.Оразалин.

Жалпы, 2021 жылы 1,2 триллион теңге инвестиция тарту, 332,6 миллиард теңгені құрайтын 83 инвестициялық жобаны аяқтау жоспарлануда. Олардың ішінде 10 мың жұмыс орны ашылады, оның 5000-нан астамы тұрақты жұмыс.

Е.Оразалин 16 әлеуметтік жоба туралы айтты. Оларды іске асыруға 57,6 млрд. теңге көлемінде инвестиция бөлінді. Бұл тізімге әл-Фараби даңғылындағы балет театры, Өзімбаев көшесіндегі спорттық және медициналық орталық, Д.Қонаев атындағы академияның жатақханасы және т.б. кіреді.

МЕГАПОЛИСТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



«Бүгінде жалпы құны 128,6 млрд. теңгені құрайтын 19 инвестициялық жобаны іске асыру аяқталды. Қаражат спорт пен өнер орталығы бар «High Tech Academy» инновациялық мектебіне бағытталды. Онда 70 жұмыс орны ашылды. Инвестициялардың арқасында 165 жұмыс орнын құрумен Индустриалды аймақ аумағында автоклавты газдалған бетон шығаратын Хельмер медициналық-оңалту орталығы пайда болды», – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы.

Е.Оразалин шетелдік инвесторлармен жұмыс аясында қала әкімі жанындағы инвесторларды тарту жөніндегі Кеңестің қызметі қайта жаңғыртылғанын баса айтты.

Спикердің айтуынша, Алматыда шетелдік инвесторларды тарту үшін жақсы әлеует қалыптасқан. Қала Қытайдан Батыс Еуропаға, Азиядан Ресейге тауар айналымының көлік қиылысында орналасқан. Яғни ЕАЭО-да ірі өткізу нарықтары, экспорттық әлеует және Азия мен Еуро-

па нарықтарына шығу мүмкіндігі бар.

Сонымен бірге, Алматыда британдық, оңтүстіккореялық, түрік және ресейлік инвесторлардың қатысуымен жаңа жобалар жүзеге асырылуда.

Е.Оразалин Алматыда шетелдік инвесторлардың қатысумен бірқатар жаңа жобалардың жүзеге асырылып, әзірленіп жатқанын айтты. «Қыркүйек айында Esentai City базасында De Monford Британ университетінің бірінші филиалын ашу жоспарланып отыр, ал Алматыда халықаралық әуежайдың жаңа терминалының құрылысы басталады», – деді ол.

Басқарма басшысы 2 тамызда 150 төсек-орынға арналған көпсалалы клиника жобасына 17,2 млрд. теңге инвестиция салуды жоспарлап отырған Orhun Medical түрік компаниясының өкілдерімен кездесу өткізілгенін еске салды.

Жақын арада ресейлік инвесторлар Алматыда «Леруа Мерлен Қазақстан» гипермаркетін салу жобасын іске асыруды бастауды жоспарлап отыр.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

ЖАЙЛЫ ӨМІР СҮРУГЕ ЖАҒДАЙ БАР

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы жан-жақты мәлімет берді.

Е.Сейтеновтің айтуынша, ауданда 1395 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның үстіне «Нұрлы жер» бағдарламасының арқасында 37 үйде 102 лифт жабылғы жаңартылды. Аудан басшысы аула аумақтарын абаттандыру ғана емес, тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жағдайды жақсарту маңызды екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, Шевченко көшесіндегі тұрғын үйдің шатыры мен қасбеттерін күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды, бес көпқабатты тұрғын үйде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Шатырлар мен инженерлік желілер ауыстырылып, ғимараттардың қасбеті өзгертілуде.

«Биыл жоспарланған жөндеу жұмыстарының ішінде 12 көпқабатты үйлердің 10 үйінің қасбеттері жөнделді, қалған екі үйді осы айда аяқтаймыз», – деді Е.Сейтенов.

Аудан әкімі күзде аяқталуы жоспарланған 66 аула аумағында күрделі жөндеу жұмыстарының жүріп жатқанын айта келіп, «Бюджетке қатысу» жобасы аясында жыл соңына дейін 69 жоба жүзеге асырылатынын жеткізді. Мұнда аулалар, үйлердің қасбеттері өзгертіледі, демалыс орындары реттеледі және ең бастысы, инженерлік желілер қайта жаңартылады.

Ауданда көгалдандыру жұмысы да жүйелі жүргізіліп келеді. Мәселен, биыл аудан аумағында 3 мың м²-ден астам көгал егілді. 4 948 м² гүлзар төселді. Апатты жағдайдағы 110 ағашты кесу және 3 мыңнан астам ағашты санитарлық кесу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, «Jasyl Almaty» бағдарламасы бойынша 1247 ағаш отырғызылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 5,5 мыңнан астам ағашқа жеткізуді жоспарда бар. Ал жасыл желектерді күніне 2 реттен суаруда. Ауданның 12 алаңында суаруды күшейту үшін пулемет қолданылады.

Алмалы ауданында жалпы ұзындығы 173,3 шақырымды құрайтын 110 көше бар. Көшедегі жолдың жаңаруы – тұрғындар үшін жақсы жаңалық. Өйткені, бұл көшелердің әрқайсысы мегаполистің көлік жүйесінде маңызды. Бүгінде 810 метр тротуар желісінің құрылысы аяқталды.

Қала көшелерін жарықтандырудың, әсіресе, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі маңызы зор. «Ағымдағы жылы жарықтандырылмаған және жартылай жарықтандырылған 84 алаң бойында жоспарланған жарықтандыру қондырғыларының ішінде 82 учаскеде 391 тірек пен 872 шам орнатумен жұмыс аяқталды. Сондай-ақ, ауданның 12 монументалды ескерткішін ерекшелену бойынша жұмыстар жүргізілді», – деді Алмалы ауданының әкімі.

Ауданда қабылданған шаралардың арқасында қылмыс саны азайды. Ал оларды тіркеген жағдайда, барлық қылмыстар «ізін суытпай» ашылууда.

Брифинг барысында аудан әкімі Алмалы ауданында екі мектептің кеңеюіне байланысты оқушылардың орын тапшылығы 62%-ға төмендейтінін жеткізді. Бүгінде ауданда жалпы саны 34 мыңнан асатын 29 мемлекеттік және 12 жекеменшік мектеп бар.

Алмалы ауданының «Тастақ» шағынауданында аула клубтары мен Мәуленов көшесі, 46 мекенжайда кітапхана ашу жоспарлануда, 12 аула спорт алаңдарымен жабдықталады, «Сайран» көлі аймағында скейт мен велосипед алаңдары салынады.

Ауданда халықтың әлеуметтік осал топтарынан 46 мыңнан астам адам тұрады, 4 мыңнан астамы мұқтаж деп танылған. «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы табысты жұмыс жасауда. Бұл жерде ауданның 1500 көпбалалы және аз қамтылған отбасы тіркелген. Биылғы жылы Орталық 11 мыңнан астам қызмет көрсетіп, 17 оқу курсы өткізді.

Аудан әкімі, сонымен қатар, ауданның меценаттары көпбалалы аналарға 6,6 миллион теңге көлемінде материалдық көмек пен аутизмге шалдыққан балаларға арналған түзету-дамыту орталығына көмек көрсеткенін айтып өтті.

ИННОВАЦИЯ



Кәсіпкерлерге – 2 пайызбен несие

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Алматының индустриялық аймағында өнеркәсіптік саябақ пен жылыжай іске қосылады.

Жартылай жабық типтегі жылыжай кешені инновациялық технология бойынша салынған. Бұл өсімдіктер үшін тамаша микроклиматты құруға және ең аз энергия шығынымен жоғары өнім алуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде сарапшылар экологиялық таза және жоғары сапалы өнім алуға кепілдік береді. Қазір қорғалған топырақта көкөніс өсіруге арналған жаңа кешен салу бойынша жер эзирлеу жұмыстары жүргізілуде. Инвестор өндіріске 6 миллиард теңгеден астам қаржы салуды жоспарлап отыр. Жобалық қуаттылығы – жылына 5100 тонна қияр мен қызанақ. 105 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Индустриалды аймақтағы тағы бір жаңа жоба – аумағы 5000 шаршы метр болатын шағын өнеркәсіп паркі. Жобаны іске асыру үшін инвесторға ауданы 1 га жер учаскесі бөлінді. Жиһаз, өңдеу және машина жасау салаларының кәсіпкерлері өнеркәсіптік паркте өз өндірістерін орналастырады. Құны 485 миллион теңге болатын жоба кем дегенде 20 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта индустриялық аймаққа бөлінген учаскеде геологиялық ізденістер жүргізілуде, жер жұмыстары аяқталды, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жатыр.



ҚОЛӨНЕР ӘЛЕМІ



– Гүлзира, біреу білсе, біреу біле бермейтін резин арт өнері жайында тарқатып айтып берсең?

– Мен айналысып жүрген резин арт, бұл – эпоксид смоласымен кез келген затты эшекейлеу техникасы. Бұл өнер әуелі Австралияда пайда болып, АҚШ пен Еуропа елдерінде бірнеше жылдан бері қарқынды дамыған. Ал Қазақстанға тек 2020 жылы келіп, енді ғана қолға алынып жатқан қолөнер түрі. Аталмыш техника арқылы жеміс-жидек салуға арналған ыдыстарды безендіріп, сөмке мен телефон қабын әрлеп, үйдің дизайнын жөндеу үшін сағат, сувенир, үстел мен картина жасап алуға болады. Яғни екі компоненттен тұратын эпоксид смоласына әртүрлі бояулар, кристалдар, кептірілген гүлдер, теңіз материалдары мен ұнтақ пигменттер қосып, небір әдемі суреттерді шығаруға болады. Мұнда бастысы, шығармашылық фантазияға ерік беру маңызды. Аталмыш өнер бүгінгі күннің басты трендіне айналып үлгерді. Бастапқыда үйреніп алу қиын көрінгенімен, кез келген ынталы адамның қолынан

18 жастағы алматылық Гүлзира ҚАСЫМБЕК – резин арт техникасы арқылы көптеген бұйым жасап, табыс тауып жүрген қолөнер шебері.


«ӨНЕРЛІ АДАМ – БАЙ АДАМ»

келеді. Жасалу жолы қарапайым, көп уақыт алмайды. Қазіргі таңда бұл техникамен жасалған заттарға сұраныс өте жоғары. Сондықтан айналысуға мүмкіндік жетерлік, себебі, нарық әлі бос. Егер көзін тапсаңыз, тек тапсырыс қабылдау арқылы айына 150 мың теңгеден бастап, 1 млн. теңгеге дейін табыс табуға болады. Одан бөлек, бұл техниканы басқа қолөнершілерге үйретіп, шеберлік-сыныптар өткізу де – табыс табудың тағы бір жолы.

бұйымдарға тапсырыс қабылдап, мектеп жасынан ақша тауып жүрдім.

– Өзін айналысып жүрген қолөнер түрінің ерекшелігі қандай?

– Қолөнердің бұл түрінің болашағы зор. Оны трендке сай дамытып, заман ағымына ілесіп, маркетингтің жолдарын үйренсе болды. «Өнерлінің өрісі кең», ол ешқашан



– Негізі, қолөнерге деген қызығушылығың қалай басталды?

– Менің қолөнерге деген қызығушылығым 10-11 жасымнан қалыңдықтың қолындағы гүл шоғы мен күйеу жігіттің кеудесіне тағылатын тұмаршалар жасаудан басталды. Тойға безендірулер мен баннер жасауға, қыз ұзатуға арналған ақжол мен тұсаукесерге керекті ұлттық нақыштағы



жолда қалмайды. Қолынан іс келетін адам қашан да қоғамға да пайдалы. Жалпы, үйдегі әрбір заттың әдемі болуы, детальдардағы үйлесімділік, көз тартатын ыдыс-аяктар – әйел атаулының әлсіз тұсы. Сондықтан бұл кәсіп ешқашан тоқтап қалмақ емес. Мен жасаған дүниелерімнің барлығын барынша ұлттық нақышта әрлеуге тырысамын. Қолдан жасалған дүние

қашан да бағалы. Сол үшін де қымбат тұрады. Бірақ бағасына тұрарлықтай сапалы болуына көңіл бөлемін. Бір қарағанда күнделікті қолданып жүрген шыны ыдысқа ұқсағанымен, одан мықтырақ, соққыға төзімді. Декоративтік ыдыс болғандықтан күтіп ұстаған жөн. Бояулар қатқаннан кейін тағамға да еш зияны жоқ.

Өнері бар адам, ол – бай адам. Өнер-білімді ешкім ұрлап кете алмайды, менен тартып ала алмайды, жоғалып қалады деп қорықпайсың. Ең бастысы, сол іште жатқан дарынды жарыққа шығарып, дамытып отыру керек. Егер әрбір адам бойындағы қабілетін дамытып, кәсіпке айналдыра білсе, ел экономикасына да қосқан үлесі емес пе?! Менің алға қойған мақсаттарым көп. Өз білгенімді өзгеге үйрете алу да – өнер. Алдағы уақытта қазақтың ұлттық құндылығын насихаттайтын қолөнер мектебін ашқым келеді. Қазір шеберлік-сыныптар өткізуге арналған кеңсемді ашуға дайындалып жүрмін.


Сұхбаттасқан
Айым НҰРМАН.

МАМАН КЕҢЕСІ

Әрбіріміз белгілі бір тауар, қызмет түрін тұтынамыз. Тұтынушы ретінде сатып алған тауарлар жөнінде көптеген дау да туындап жатады. Әртүрлі сауда орындарындағы тұтынушының құқығы заң білмегеннен тапталады. Яғни тауар алғанда, тамақтанатын орындарға барған кезде көп нәрсеге мән бере бермейтініміз анық. Тіпті, соңғы кездері тұтынушының азаматтық құқықтары да бұзылып жатады. Құқығы бұзылған жағдайда тұтынушы заңды мүдделерін қалай қорғау керектігін, қайда жүгінетіндігін біле бермейді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әдетте, заңды білмеу мен салғырттықтың салдары өзімізге таяқ болып тиетін кездер де аз емес. Тұтынушы ретінде құқығыңызды білсеңіз, мұндай келеңсіздікке жол бермесіңіз анық.



ТҰТЫНУШЫ, ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛ!

Арман СЕРІКОВ, студент:

– Анам екеуміз тұрмыстық техника сататын ірі дүкендер желісінен шаңсорғыш сатып алғанбыз. Сатып алар кезде шаңсорғыштан ешқандай ақау көрмедік. Бірақ үйге әкеліп қосып қарасақ, шаңсорғыш шаңды сормай, шаңды артынан иашады екен. Ертесінде тауарды дүкенге апарғанымда сатушы шаңсорғышты тексеріп, ақауды көрді. Алайда, ауыстырып беруден және техниканы қайтып алудан бас тартты.

Иә, бүгінде дәл осындай келеңсіз жағдайлар көп кездеседі. Кез келген тұтынушы тауар алмастан бұрын кейін сан соғып, құқығы бұзылмас үшін аса мұқият болғаны жөн. ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңының 7-бабында тұтынушылар құқықтары анық көрсетілген. Біріншіден, «тауарларды иеленуге, еркін шарт жасасуға құқылы» делінген.

Биыл жарты жылдың ішінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына байланысты 8 мыңнан аса шағым түскен. Бұл былтырғымен салыстырғанда, 3 жарым мыңға көп. Сатып алынған зат ұнамай қалса немесе қызмет көрсетілімі үмітін ақтамаса, жалпы тұтынушы ретінде құқығыңыз бұзылса, не істемек керек?

Ақнұр КЕРІМБЕК, заңгер:

КЕЗ КЕЛГЕН САТЫП АЛҒАН ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУҒА БОЛАДЫ

Жалпы, тұтынушы сатып алған кез келген тауарынан кемшілік тапса немесе көңілінен шықпаса, оны күнтізбелік 14 күн ішінде сатушыға қайтаруға құқығы бар. Жеңілдікпен сатылған тауарды да қайтаруға толық құқығыңыз бар. Бірақ қайтарылмайтын да тауарлар бар. Олар: дәрілік заттар, медициналық тауарлар және өсімдіктер, метрлеп сатылатын тауарлар. Бүгінде кейбір тұтынушылар жеңілдікпен алған тауардан ақау шығып, көңілінен шықпаса, «өзім арзан бағаға алдым ғой» деп тауарды кері қайтармай жатады. Негізі, жеңілдікпен алған тауарды да қайтарып, жаңасын алуға немесе ақшасын алуға толық құқығы бар. Мәселен, сіз дүкеннен шәйнек сатып алдыңыз делік. Бірақ алған тауарыңызда көп ұзамай ақаулар пайда болса, оны қайтаруды талап етуге толық құқығыңыз бар. Сатып алған затыңыз сізге қандай да болмасын, параметр бойынша сай келмесе, сатушының «тауарды қайтара алмайсыз» дегеніне қарамастан, қолыңызда кассалық чегіңіз болса, тауарыңызды дүкенге 14 күн ішінде қайтаруға толық құқылысыз.

Гүлдана САЙЫН, қала тұрғыны:

– Біз дүкеннен тауар алған кезде көбіне мерзіміне қарамаймыз. Сондықтан тұтынушы ретінде өз басымнан келеңсіз жағдайлар бірнеше рет кездесті. Бірде қаладағы бір сауда орталығынан өзіме бірнеше киім сатып алғанмын. Алған кезде өлшемдерін киім қарамағандықтан, кейбір киімдер өлшеміме сәйкес келмей қалды. Киім дүкеніне кері апарғанымда, олар ақшасын қайтармады. Содан кейін тұтынушылар құқығын қорғау агенттігіне жүгіндім. Біраз уақыттан кейін киім дүкенінің қызметкерлері хабарласып, ақшамды қайтарып берді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Сатып алған тауарыңыздан ақау шықса, тұтынушы құзырлы мекемелерге шағымдану арқылы да құқығын қорғай алады:

– Тауарды ауыстырып не болмаса ақшаңызды қайтарып беруін талап етуді «тұтынушы ретіндегі басты құқығым» деп санаңыз;

– Техникалық тауарыңыздан ақау шықса, кепілдік мерзімі өтпесе, жөндеп беруін талап етіңіз;

– Сатушы талабыңызды орындаудан бас тартса, алдымен сол мекеменің әкімшілігіне жүгінгеніңіз жөн;

– Арыз жазсаңыз, арыз-талапты алған адамның аты-жөнін, арыз жазған күнді, айды қоса жазыңыз. Осылайша заңда белгіленген мерзім өтіп кетсе, мерзімінде әкелгеніңізді растауға қажет болады;

– Барлық шығыныңызды растайтын чектерді жоғалтпағаныңыз абзал.



АНА РИЗА, БАЛА МӘЗ...



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Айналаңызға көз жүгіртсеңіз, Алматының барлық аймағында, әсіресе, кейіннен қосылған елді мекендерде инженерлік желілерді орналастыру, тас төсеу, жол салу, жарықтандыру, балаларға арналған ойын алаңдарын, жасөспірімдерге арнап спорт алаңдарын салу, оларға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу секілді жұмыстардың жүріп жатқанын көресіз. Ал қаланың орталығына қарай ғимараттардың, үйлердің сыртқы қасбетін жаңарту, жаяу жүргіншілер аймағын кеңейту, жаңа фонтандар салу, жасыл желекті қалпына келтіру секілді жұмыстар қолға алынған. Демек, Алматыны абаттандыруда қала билігі ештеңені назардан тыс қалдырып отырған жоқ. Қазіргі таңда қалада спорт нысандардың масштабтық құрылысы жүргізілуде. Олардың басым бөлігі негізінен Алматының шеткі аудандарында. Біз бүгін оқырмандарымызға Алматы аудандарында «Бюджетке қатысу» бағдарламасы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламалары аясында бой көтерген спорт нысандары мен ойын алаңдарын ұсынып отырмыз.

Мәселен, **Бостандық** ауданында өткен жылы бюджет есебінен **114**, жеке ұйымдар мен инвесторлардың қолдауымен **140** спорт нысаны салынған. Солардың бірі ретінде «Көктем-1» шағынауданындағы бос жатқан кеңістікте бой көтерген (суретте) жасөспірімдерге арналған футбол алаңы мен шаһардың кішкентай тұрғындарына арналған балалар ойын алаңын айтуға болады. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында жүргізілген жұмысты «Sport Equipment» ЖШС мердігер компаниясы жүзеге асырды. Ал биыл ауданда 120 спорт нысанын салу жоспарланған.



Жеке кәсіпкерлердің қолдауымен жүзеге асып жатқан абаттандыру жұмыстары да нәтижесіз емес. Мәселен, **М.Ғабдуллин** көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолы бүгінде мынадай әдемі кейіпке еніп, абаттандырылған.


Түрксіб ауданының аумағында **579** аула аумағы бар. 2016–2020 жылдар аралығында **496** аула жөндеуден өткен. Қалған **83** ауланың **30-ын** 2021 жылы абаттандыру жоспарлануда, **43-і** ауданның тұрғын үй қорын жаңарту шеңберінде бұзылуға жататын ескі тұрғын үй санатына, 10-ы жаңадан салынған көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне жатқызылды.



КЕШЕ




БҮГІН



Ықшамаудан тұрғындары:

«Технологиясы қарыштап дамып жатқан заманда балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Үйде отырса, телефоннан көз алмайтын жасөспірімдер үшін мынадай спорт алаңдары салынғанына сондай қуанып жүрміз. Қазір балаларымыз бұрынғыдай үйде отырмайды. Кәдімгідей екі топқа бөлініп, команда құрып, футбол ойнауды әдетке айналдырды. Қауіпсіздік шараларын сақтап, былай қоршап қойғаны, тіпті керемет! Бос уақытты тиімді пайдалану дегеннің бірі осы емес пе?! Енді осы ортақ игілікті балаларымыз күтіп ұстаса дейміз. Сонда бұл жерлер өздері үшін ұзақ қызмет етеді».



Алматы аулаларында спорт нысандары мен ойын алаңдары көбейді

Алатау ауданындағы бос жатқан кеңістік әдемі ойын алаңына айналды.



Медеу ауданы. Пушкин көшесі, 100 мекенжайындағы ескі аула жанартылып, балаларға арналған ойын алаңы пайда болды. Бүгінде 60 аулада жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінде аталмыш ауданға қарасты «Алатау» шағынауданында 7400 шаршы метрді құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің алаңы салынууда. Онда жекпе-жек, су спорт түрлері болады әрі тәулігіне 894 адамды қабылдайды.



Бөгенбай батыр, 89.



Наурызбай ауданында биыл «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында 18 жоба жүзеге асырылған. Онда балалар және спорт алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Спорттық нысандардың саны мен орналасқан жеріне талдау жасау кезінде олардың негізгі бөлігі қаланың орталығында орналасқаны байқалды. Осыны ескере келіп, шаһар басшысы «Жаңа Алматы» бағдарламасы аясында қала шетіндегі спорт нысандарының санын арттыруды тапсырған болатын.



Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «Шұғыла» ықшамауданында балалар алаңы, баскетбол және workout алаңдары бой көтерді.



«Ақжар» ықшамауданы.

Ағымдағы жылы бұл жұмыстар жалғасын тауып, Алматының көшелері мен аулаларына жаңа леп келді. Қазіргі уақытта бірен-саран болмаса, ойын алаңдарының барлығы дерлік жанарып үлгерді. Балалар үшін жасалған қамқорлыққа ата-ана риза, ал бала мәз.



БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Бүгінде Алматыда 3400-ге жуық спорт нысаны, оның ішінде 12 стадион, спорт сарайы, 14 спорт кешені мен 12 спорт ғимараты бар. Сонымен қатар, мегаполисте құрама командалардың 5 жаттығу орталығы, 3 шаңғы базасы, 12 ату тирі, ату алаңы, велотрек, секіру трамплині, 6 хоккей корты және конькимен жүгіру стадионы орналасқан. 2671 тегіс құрылымдар, 102 теннис корты, ипподром, 10 спорт манежі, 51 бассейн, 483 спорт залы, 12 кіріктірілген спорт залы да Алматыға тиесілі.

Шаһардағы жабық спорт ғимараттарының жалпы алаңы 81 503 шаршы метрді құрайды. Биыл оларды жергілікті бюджет есебінен көбейту үшін қала шетінде жалпы алаңы 38 мың шаршы метр болатын 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен теннис орталығы салынады. Онда тәулігіне 5250 адамды қабылдайтын 150 спорттық секциялар болады. Одан бөлек, бюджеттен тыс қаржы есебінен 6 жаңа спорт нысанын, оның ішінде ДСК, үстел теннисі орталығын, теннис орталығын, күрес кешенін, «Сұңқар» ХШТК-да гимнастика залы мен спорт кешенін салу жоспарлануда. Бұл спорттың 15 түрінен 70-тен астам спорт секциялары ашылуына мүмкіндік береді.



Суреттерді түсірген
Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Биыл Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл толып отыр. Қазақ жерінде атом бомбаларын сынақтан өткізуге тосқауыл қоюда «Невада–Семей» қозғалысының тарихи маңызы өлшеусіз екені бәрімізге белгілі. Бүгін біз осы қозғалыстың басында болған, өзіндік үлесін қосқан мәдениеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Әуезовті әңгімеге тарттық.



СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ

Дегенмен, бастама Кремльге қарамай қабылданғандықтан, ол жақ оны жоққа шығаруы мүмкін деген алаңдаушылық туындады.

– Алайда, Олжас Сүлейменов сонына дейін баруға шешім қабылдады. Тұңғыш Президент қолдауымен ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында антиядролық қозғалыс құру идеясын жариялады. Бастаманы тек депутаттар ғана емес, Михаил Горбачев бастаған КСРО басшылығы да қолдады.

Одан кейін қызу жұмыс басталды, қозғалыс белсенділері бүкіл республика бойынша КСРО-ның бар жерлеріне саяхаттап, өз жобалары туралы айта бастады. Содан кейін қозғалыс белсенділерінің арасында қозғалыс жетекшілерінің АҚШ-қа сапарын ұйымдастырған демеушілер пайда болды.

Бұл іссапардың мақсаты атом сынақтарын тоқтату идеясына тек КСРО тұрғындары ғана емес, сонымен бірге басқа ірі ядролық держава – АҚШ-тың азаматтық секторын біріктіру болды.

– Бұл сапар жадыма жатталып қалды. Іс жүзінде бүкіл Американы айналып өтуге тура келді. Біздің идеямыз әртүрлі Штаттардағы американдық қоғам қайраткерлерін қызықтырды. Бізбен белсенділер топтары, сенаторлар, конгресмендер кездесті. Күтпеген жерден біз үшін КСРО мен АҚШ-тағы ядролық сынақтарды тоқтату идеясынан шабыт алған америкалық хиппилер өте қызықты кездесу өткізді, – деп Мұрат Мұхтарұлы сол күндердің оқиғаларын еске алды.

АҚШ-тағы саяхатымыздан кейін енді шетелдік қонақтар жағдайды өз көзімен көру үшін Қазақстанға, дәлірек айтқанда, Семей облысына келулері керек болды.

– 1990 жылдың 6 тамызында полигон маңындағы Қарауыл ауылында үлкен халықаралық акция өткізгеніміз есімде. Оның қоюшы-режиссері марқұм, жазушы, хореограф Дүйсенбек Нақыпұв. Сценарий бойынша біз аймақ тұрғындарына қайғы мен ауру әкелетін «айдаһарды өлтіру» үшін отқа тастадық. Бұл оқиға туралы репортаждар бүкіл әлемге тарады.

Аталған халықаралық іс-шаралардан кейін қозғалыс «Невада–Семей» атала бастады. Қозғалыс аясында біз полигон басшыларымен, ядролық ғалымдармен кездесулер ұйымдастырып, осы жарылыс орны Абай, Шәкәрім сынды озық ойлы, бірегей тұлғалардың туған жері екенінен хабардар ма екен деген сұрақтарға жауап іздедік, – деді филология ғылымының кандидаты.

– Ең жақсысы – біреу Абай туралы мәлімет алса, бұл кездесулер жұрттың қазақтардың тарихы мен әдебиетін оқуға деген қызығушылығын оятты.

Мәдениеттанушының айтуынша, «Невада–Семей» қозғалысы КСРО мен АҚШ-тағы ядролық сынақтардың тоқтатылуына және ядролық әлеуеттің қысқаруына ықпал етіп қана қоймай, Қазақстанның шет елдердегі нағыз елшісі болды. Қозғалыс көшбасшылары Қазақстанды, оның мәдениетін, географиясын, халықтың салт-дәстүрлерін әлемге жария етті.

– «Невада–Семей» қозғалысы Қазақстан тәуелсіздігі тарихындағы маңызды оқиғаға айналғанына сенімдімін. Оған тарих және басқа да гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар саласындағы мамандардың қызығушылығы одан ары жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа тарала бермек. Өйткені, онсыз ХХ ғасырда болған оқиғалардың толық бейнесін елестету мүмкін емес, – деп түйіндеді Мұрат Әуезов.

Аударған
Динара МҰРАТҚЫЗЫ.

ҮНДЕСТІК ЕЛШІСІ

«Невада–Семей» қозғалысының құрылуы қазақстандық тәуелсіздіктің жаршысы, қазақстандықтар мен шет елдердің қоғамдық пікір көшбасшыларының ядролық әлем идеясы төңірегінде бірігуіне мүмкіндік берген бастама болды. ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Alatau Aqparat» ЖШС шығармашылық даму жөніндегі кеңес мүшесі Мұрат Әуезов ҚР Халық жазушысы, Еңбек Ері, «Alatau Aqparat» ЖШС шығармашылық даму жөніндегі Кеңес төрағасы Олжас Сүлейменовпен бірге антиядролық қозғалыстың бастауында тұрған кездегі естеліктерімен бөлісті.

– 1980 жылдардың екінші жартысы өзгерістер кезеңі болды. Республикада тұңғыш рет Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зияндылығы туралы ашық айта бастаған қуатты, заманауи көшбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұлғасы биіктеді. Тұңғыш Президенттің идеялары Қазақстанның Халық жазушысы Олжас Сүлейменовтің ойларымен үндес болды, – деп бастады Мұрат Әуезов.

Сол кезде КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Олжас Сүлейменовке бүкіл республикадан көп хаттар келетін. Семей өңірінен талай хабарлар келіп түсті. Онда адамдар өмір сүрудің ауыр жағдайларына, радиациядан өршіген онкологиялық ауруларға шағымданған болатын.

– Семей полигоны қызметкерлерінен де, Курчатовтан келген ядролық қызметкерлерден де өңір тұрғындарының сынақты тоқтату идеяларын қолдайтындығы туралы да хаттар болды. Ол заманда бұл өте батыл әрекет ретінде бағаланатын, – деп жалғастырды мәдениеттанушы.

1989 жылы 28 ақпанда Семей маңындағы ядролық бомбаның кезекті сынағынан кейін, Қазақстан Жазушылар одағы ғимараты алдындағы жұртшылық жиналысында Олжас Сүлейменов Қазақстандағы ядролық қаруды сынауды тоқтату қажеттілігі туралы мәселе көтерді.

– 1989 жылғы ядролық сынақ қайғылы аяқталды. Радиоактивті газдың ағуы орын алды. Олжас Сүлейменов осы мысалды сынақтарды тоқтату керек деген ойды дәлелдеу барысында алға тартты, – деп атап өтті Мұрат Мұхтарұлы.

Мәдениеттанушының естелігі бойынша Жазушылар үйіндегі кездесуге шығармашылық қоғам өкілдері, жаңадан пайда болған азаматтық сектор белсенділері, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттары жиналды. Жазушылар одағының мәжіліс залында басталған жиналыс ғимараттың алдындағы алаңда жалғасын тапты. Шын мәнінде, дәл сол күн жаңа қоғамдық қозғалыс құрылған күн атанды.

– Тарихи күн әлі күнге дейін есімде. Жиналыс бір деммен, шабытты өтті. Осыған дейін біраз дүркіреген, азулы жазушыларды

көрген мәжіліс залы дәл сол кездегідей шығармашылық атмосфераны, рухани жаңғыруды білмеген шығар. Мұнда түрлі этностардың, көзқарастар мен пайымдардың адамдары жиналды. Бірақ барлығын бір нәрсе біріктірді, ол – Семей маңындағы полигонда сынақтарды тоқтату үшін қолда бар мүмкіндіктің барлығын пайдалануға ұмтылу, – деп еске алды мәдениеттанушы.

Қоғам қайраткерінің айтуынша, бұл жиналыс және онда ұсынылған антиядролық бастаманы құру идеясы қазақстандықтардың бірігуіне үлкен әсер етті.


– Желтоқсан оқиғасы республиканың пессимизм жағдайына алып келді, қоғамда жайсыздық туындап еді. Міне, енді бәрі бірден өзгерді. Адамдар өмірге жаңа бейнеде келе бастады, халық үшін маңызды гуманистік идея жолында бірікті, – деп атап өтті Мұрат Әуезов.





ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

БАС ТАРТҚАНҒА ЖАЗА БАР



ҚАЗАҚСТАН мемлекетінің «QazVac» вакцинасы туралы шет ел басылымы жазды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook-тегі парақшасында хабарлады.

«EClinicalMedicine published by The Lancet журналы отандық «QazVac» вакцинасын клиникалық зерттеудің 1-2 фазасының нәтижелері туралы мақаланы қабылдап, электрондық нұсқасын басып шығарды. Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарын мақаланың жариялануымен құттықтаймын», – деп жазды министріміз.

АВСТРАЛИЯ жерінде бірнеше күн қатарынан коронавирустық инфекцияны жұқтыру көрсеткішінің рекордтық саны тіркелді. Сондықтан ел билігі санитарлық шектеулерді күшейтті. Мәселен, Сиднейде локдаунды сақтамағаны үшін айыппұл көлемі көбейтілді. Үйден 5 шақырымнан астам қашықтыққа себепсіз ұзаған тұрғындар 5 мың австралиялық долларға дейін айыппұл төлеуі тиіс. Бұл 3 мың еуродан астам қаржы.

ИЗРАИЛЬ премьер-министрі 50 жастан асқан тұрғындарды «Pfizer»-дің 3-ші дозасын алуға шақырды. Екпе салу қарқынын тоқтатпау үшін премьер-министр вакциналау орталықтары шабат діни рәсіміне қарамастан, тәулік бойы, аптасына 7 күн жұмыс істейтінін айтты.

ИРЛАНДИЯ елінде 12–15 жас аралығындағы балалардың коронавирусқа қарсы вакцина алуына рұқсат етілді. Оларға «Pfizer» және «Moderna» екпелері салынады. Вакцина салынарда баланың ата-анасының немесе қамқоршысының келісімі керек.

ҰЛЫБРИТАНИЯ да алдағы апталарда 16-17 жастағы жасөспірімдерге вакцина салуды жоспарлап отырған көрінеді. Әбден етек жайып бара жатқан індеттен үрейі

қашқан кейбір британдықтар көне шіркеуге де барып екпе салдырған. Аурудың алдын алу үшін алып стадиондар да бірінен соң бірі вакциналау орталықтарына айналууда.

КАМБОДЖА астанасы Пномпеньде ковидке қарсы екпенің 3-ші дозасы салына бастады. Екпе орталықтарында ұзын-сонар кезек деседі. Препаратты бірінші кезекте медицина қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері алып жатқан көрінеді.

Айта кетер болсақ, Камбоджада вакцина-ның 1-ші компонентін 16 млн. халықтың тең жартысы салдырған. Бұл – Азиядағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

КЕНИЯ елінде екпе алудан бас тартқан шенеуніктер жазаланады. Мемлекеттік қызметшілер халыққа вакциналауды насихаттаудың үлгісі ретінде қарастырылады. Сондықтан олардың екпеден жалтаруы кешірілмес қылмыс. COVID-19-ға қарсы вакцинаны салдырудан бас тартқан үкіметтегі антиваксерлерге бұл талапты орындамағаны үшін сөгіс беріліп, тәртіптік іс-шаралар қолданылады.

ҚЫТАЙ халқының жартысынан көбі бүгінде коронавирусқа қарсы вакцинаның толық компонентін алған. Бұл – 777 млн. адам. Елде екпенің 1 млрд. 830 млн. дозасы салынған.

Осы айдың басынан бері 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдер де вакцина алып жатыр. Оларға 60 млн.-нан астам дозасы («Sinovac» және «Sinopharm» препараттары) салынған. Айтпақшы, «Sinopharm» фармацевтикалық концерні өзінің вакцинасын 3 жастан асқан балақайларға сынаудың бірінші кезеңін өткізіп үлгерді және сәбилерге арналған препарат қауіпсіз деп мәлімдеді.

Жергілікті билік өкілдері осы жылдың соңына қарай елде ұжымдық иммунитет қалыптасатынына сенімді.

Нұр ЖАМАЛ.

ОЙТАЛҚЫ

Рақымшылық жасала ма?



Денсаулық сақтау министрлігінде вакцина паспортын сатып алғандарға рақымшылық жасау мәселесі талқыланып жатыр.

Бұл туралы Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев өз пікірін білдірді. «Денсаулық сақтау министрлігінде жалған

вакцина паспортын алғандарға қатысты рақымшылық жасау мәселесі қаралып жатыр. Олардың мемлекет қаржысына зиян келтіргенін біз де түсінеміз. Сондықтан бұған жеңіл қарауға болмайды. Ол адам қателігін мойындап, вакцина алғысы келсе де, дәл қазір екпе салдыра алмайды. Себебі, базада олар екпе алды деген мәлімет тұр», – дейді Н.Табынбаев.

Алматының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин де жалған вакцина паспортын жасағандар істеген заңсыз әрекеттеріне өкініп, екпе алғысы келсе, оны ақылы түрде өткізуді қолдайтынын айтты. «Бұл мәселе Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бақылауында. Жалған екпе паспортын жасатқандар шығын әкелгенімен қоймай, екпе де алмады және көп жағдайда құтыдағы вакцина төгілді. Олар үкіметке де, қоғамға да зиян тигізіп отыр. Сондықтан олар вакцинаны өз қалтасынан төлеп алуы тиіс деп ойлаймын», – деді қаланың бас санитариялық дәрігері.

СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Гүлнар ОКУСХАНОВА,
академия оқытушысы:



– Коронавирустық инфекцияға қарсы күрестегі жалғыз дұрыс шешім – екпе алу және барлық белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау. Медицина мамандары жаһандық пандемияны тоқтатып, әдеттегі өмір салтына оралу үшін жаппай иммундау қарқынын жеделдетуі қажет дейді. Алайда, қоғамда вакцинацияның маңыздылығын бәрі бірдей біле бермейді және өз денсаулығы мен жақындарының денсаулығына қауіп төндіре отырып, күту позициясын ұстануды жалғастыруда. Университеттерде «Ashyq» қосымшасы енгізіле бастады. Бұдан оқу жылына студенттердің де, оқу орындарының да барынша әзір екенін байқауға болады.

Айсұлу ЕРНИЯЗОВА,
«Еріктілер лигасы» ұйымының төрайымы:



– Кез келген елдің болашағы – халқының денсаулығына байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Қоғамдағы небір жұмысты да сол денсаулық иесі ғана атқара алады. Адам бұл өмірде мәңгілік емес. Сол берілген аз ғұмырды дұрыс пайдалана білмесең, ғұмырың текке өтті дей бер. «Денсаулық – зор байлық» деп ағамыз қазақ бекер айтпаған болар. Әр адамның өмірінде денсаулықтың орны бөлек. Сондықтан денсаулығымызға көңіл бөліп, екпе ектіргеніміз жөн.

Әзірлеген
Ақтолықн ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ҮНДЕУ

Саналылық көрінісі

Алматыдағы эпидемиологиялық бағамдағы қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері мегаполис тұрғындарына «Азаматтық саналылық танытып, екпе алуға барыңыз» деген үндеу жолдады.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов білім беру жүйесі үшін ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың және сапалы білім берудің маңыздылығына тоқталды. «Пандемия – қауіпті және одан құрбан болғандар да бар. Антиваксерлер қайғылы оқиғалар орын алған отбасыларға қарап, олардың қателескеніне көз жеткізсін. Менің ойымша, бүгінде вакциналанудан басқа тиімді әдістер жоқ. Сапалы білім алып, оқуын жақсы аяқтау үшін біз барлық студентті вакцина алуға шақырамыз. Екпе орталықтары барлық жоғары оқу орнында ашық», – деді.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Гүлфайруз Қасымов а вакцинаның тиімділігін атап өтті. «Біздің қалада, жалпы

республикада ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға және бұрынғы қалыптасқан өмірімізге тезірек оралу үшін барлық жағдай жасалған. Дәл осы вакциналау науқаны бізді, елімізді құтқарады», – деді ол.

Өз кезегінде кеңес мүшесі Аида Әлжанова уақытында вакцина салдырмаған адамдардың коронавирус жұқтырып жатқанын атап өтті. «Бізге соңғы күндері өлім-жітім көбеюде, өйткені, қаламыз – еліміздегі ең көп халқы бар мегаполис. Вирус ірі мегаполистерде өте тез таралады. Одан шығудың жалғыз жолы – екпе алу», – деді А.Әлжанова.

«Ел халқының пандемиядан ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін халықтың кем дегенде 75%-ына вакцина алу қажет. Шын мәнінде әлемнің көптеген елінде вакцинаға тапшылық бар, ал бізде, Қазақстанда жеткілікті әрі салдыру тегін. Кез келген қоғамда болған және бола беретін кертартпа адамдардың пікірін тыңдаудың қажеті жоқ. Барлық қазақстандық азаматтығын, саналылығын көрсетіп, вакцина алуы керек», – дейді техника ғылымының докторы Борис Жаппаров.

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Дін – екпеге тосқауыл емес!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, дінтану докторанты Елнар Берікбаев ислам ұстанымы тұрғысынан коронавирусқа қарсы вакциналану туралы сұрақтарға жауап берді. Әсіресе, екпеге қарсы адамдар жайында пікір білдірді.

Е.Берікбаев атап өткендей, қарсылық көрсетушілер діни сенімдерге көбірек жүгінеді. «Әдетте, антиваксерлердің дәлелдерінің көпшілігі ғылыми деректермен расталмайды. Ал Қазақстан азаматтарының көпшілігі өздерін діндар санайтындықтан, діни пікірталастар үстемдік құрып тұрғаны жасырын емес», – деді сарапшы.

Е.Берікбаев вакциналауға қарсы қозғалыс 1796 жылы шешекке қарсы алғашқы вакцинаны жасағаннан кейін көп ұзамай пайда болғанын хабарлады. Ол кезде екпеге қарсы шыққандардың негізгі

аргументтері дін болған екен. Олар мұны Құдайдың тағдырына араласумен байланыстырды дейді.

«Жақында Маңғыстау облысында болған оқиғаны еске түсіруге болады. Сегіз жасар бала велосипедтен құлап, қолын сындырды. Бірақ оның ата-анасы жедел жәрдемге емес, емшіге жүгінген. Ал емші оның қолын қарап, танып, үйіне жіберген. Салдарынан баланың қолын кесуге тура келді», – дейді теолог.

Ғалым біздің отандастарымыздың әлі де осылай халықтық әдістермен емделуге және халық емшілеріне жүгінуге жақын екендігін өкінішпен атап өтті. Ол сөзінің соңында «Әр ғылымның өз құндылығы бар, оларға жүгінуге керек» делінген хадисті атап өтті. Сондай-ақ, әлемдік діндер дін жолындағы жандарға екпе жасауға тыйым салмайтынын баса айтты.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ТОКИО-2020

ЕЛ НАМЫСЫН
ҚОРҒАМАҚ

Қазақстанның
Паралимпиада құрамасы
олимпиадаға аттанды



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

20 тамызда ҚР Ұлттық Паралимпиада құрама командасы Олимпиада ойындарына қатысуға Токиоға бет алды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Паралимпиада Комитеті баспасөз қызметінің мәліметінше, XVI жазғы Паралимпиада ойындары 24 тамыз – 5 қыркүйек аралығында өтеді. Токио-2020 жазғы Паралимпиада ойындарына Қазақстаннан 25 паралимпиадашы спорттың 7 түрінен ел намысын қорғамақ. Дүбірлі додада жерлестеріміз Сиязбек Дәлиев, Нұрәли Советқанов, Зульфия Табидулина, Роман Агалаков, Алия Рахымбекова, Нұрәулет Жұмағали, Ержан Сәлімгереев пара жүзден, Дастан Мұқашбеков, Салтанат Әбілкасымқызы пара жеңіл атлетикадан, Аманжол Жанбота, Зарина Байбатина, Дәулет Теміржан, Даяна Федосова, Әнуар Сариев, Ғалымжан Смағұлұлы пара дзюдодан, Спатай Бибарыс пара каноздан, Нұрлан Домбаев, Нышан Өмірәлі, Кәмиля Досмалова пара таэквондодан, Давид Дегтерев, Раушан Қойшыбаева, Рахмеджан Хамаев, Гүлбану Әбдіхалықова, Алина Солодухина пара пауэрлифтингтен және Айсұлу Жұмабаева пара нысана атудан сайысқа түседі. Оған қоса, Халықаралық Паралимпиада комитетінің (ХПК) шешімімен қазақстандық парадзюдошы Ерлан Өтеповке (100 кг.) Паралимпиада ойындарына қосымша жолдама берілді.

– Токио-2020 Паралимпиада ойындарына 7 спорт түрінен 26 спортшымыз қатысады. Токио алдында атлеттер екі апталық карантинде болып, соңғы жаттығу жиындарын Алматы мен Алматы облысында өткізді. Ойын қарсаңындағы соңғы күндерді спортшылар оқшаулану режимінде өткізіп, сыртқы әлеммен байланысқа түскен жоқ, – дейді Ұлттық Паралимпиада Комитетінің бас хатшысы Ерлан Сүлейменов.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

ЖАРТЫЛАЙ
ФИНАЛҒА ӨТТІ

Айжан
ШАЛАБАЙҚЫЗЫ

Еуропа чемпионатында қазақстандық аралас жекпе-жек шебері ресейлік қарсыласына сирек кездесетін ауырту әдісін қолданып, жеңіске жетті.

Қазақстандық аралас жекпе-жек шебері Ерсұлтан Шәкенбай ресейлік қарсыласы Мухаммадин Мукумовты (Сулоев деген атпен танымал) MMA спорттың сирек қолданылатын әдіспен жеңді. Бұл әдіс тізені ауырту арқылы қолданылады.

Жекпе-жек MMA бойынша Қазан қаласында өтіп жатқан Еуропа чемпионатының жартылай финалында өтті (52,2 келіге дейінгі салмақта).

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»
өмірді қалай өзгертті?

Бүгінде Гүлжазира Қаныбекова көпбалалы аналарды қолдап, олармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Алайда, оның өзінің бала кезінде бастан кешкен жайттарын көп адам біле бермейді. Бүгінде бәрі оны «Адема» деп атайды. Оған себеп – бала күнгі психологиялық жаракат.



Ішімдікке құмар әкесі анасын қатты ұратын. Соған қарамастан, қыз әкесін қатты жақсы көрді. Бірақ ата-анасы ажырасқаннан кейін әкесімен уақытша қалған кезде оған деген көзқарасы өзгерді. Өйткені, әкесі ішіп алып, қызын да ұруға көшеді. Оған «Гүлжазира» деген есімді әкесі қойған екен, сондықтан ол атын өзгерткісі келеді. 18 жасында ОҚО-дағы Абай ауылынан Шымкент қаласына жақын маңға тұрмысқа шығды. Анасының көмегімен шағын үй сатып алады. Оқуын аяқтаған соң ол балабақшада тәрбиеші, әдіскер болып

жұмыс істейді. Бірақ тапқаны жыртыққа жамау бола алмайды. Күйеуі де жұмыссыз. Ішіп алып, әйеліне қол көтереді. Ол тек Гүлжазираның анасынан ғана аяқ тартады екен. Анасы дүние салған соң ішуін де, бала-шағасын ұруын да тіпті үдетіп жібереді. Шыдамы таусылып, келіншек бір күні балаларын алып, Алматыға жол тартады. Сол кезде оның кенже баласы 8-сыныпта оқитын. Қаладан паналауға болатын кішкентай пәтер жалдап, балаларын асырауды ойластырады. Жұмыс таңдамай, кез келгеніне білек сыбана кіріседі.

Жетісу ауданында «Бақытты отбасы» орталығының ашылғанын білген ол, бір күні қалаға тіркелу үшін көмек сұрап барады. Сол жерден массаж, СММ-маманы бойынша курстан өтіп, психолог пен заңгердің кеңесін алады. Сөйтіп жүріп орталықтың белсенді еріктісіне айналады, көпбалалы аналарды табуға және оларға демеушілік көмекті үлестіруге жәрдемдеседі. Белсенділігін байқаған орталық қызметкерлері оны менеджер лауазымына жұмысқа шақырады.

– «Бақытты отбасындағы» жұмыс маған көшбасшының мінезін ашуға көмектесті. Өз қорқынышымды жеңіп, адамдармен белсенді араласа бастадым. Орталықта көптеген аналар бар және олардың бәрі керемет, – дейді Адема.

Бүгінгі таңда ол өз өмірін бұл жұмыссыз елестете алмайды. Көпбалалы 2 мың анамен үнемі байланыста. Оларды психологиялық тұрғыдан қолдайды, қажетті көмек пен кеңес алуға жәрдемдеседі.

ЖАС КӘСІПКЕР

ЖОЛДА ТУҒАН ИДЕЯ
табысқа жетеледі

29 жастағы алматылық Бағлан Олжабаев әзірлеген автокөлік иелеріне арналған Веер.Веер.kz мобильді қосымшасы Өзбекстан мен Украинада да танымал бола бастады. Бағланның өзі Алматының үздік жас кәсіпкерлерінің бестігіне еніп, Өзбекстандағы ЮНЕСКО байқауының жартылай финалына шықты. Оған кәсібін жандандыруға жеңіп алған мемлекеттік грант көмектескен.

– Біз автоәуесқойлар әлемін жақсартуға мүмкіндік беретін алаң құрдық. Ол – ишугыл жсағдайда уақытылы көмек көрсету, сұраныстарға жылдам жауап беру, жарты жылға бөліп, онлайн-режимде сақтандыру. Ол көлік жүргізушілеріне нарықтағы бағаны, сапаны білуге, автокөлік жалдауға және басқа да көптеген қызметтер түрін тұтынуға мүмкіндік береді, – деп мұндай қосымшаны құру идеясы досымен бірге көлігінің аккумуляторы бұзылып, жолда қалған кезде көмектен жеткізді. Сол кезде олар көмек күтіп, жол бойында 2 сағат тұрыпты.

– Содан кейін өз идеямды жүзеге асырудың жолдарын іздей бастадым. «Атамекен» мен «Qolday» орталықтарында оқыдым. Екі ұйымнан да 2,5 миллион теңгеге грант ұтып алдым. Ноутбук пен қуатты сервер сатып алдым. Бұл менің стартапым үшін жақсы бастама болды, – дейді Бағлан.

Қосымша автокөлік иелері мен ТЖО шеберлерін біріктіреді. Мәселен, егер сіз бамперді ауыстыруыңыз керек болса, үйден шықпай-ақ мәселені шешуге болады. Алдымен, шеберлерге көліктің жөнделуі керек жерін жақсылап түсіріп алып, бейнеролик жібересіз. Сосын олар



жөндеу уақыты мен жұмыс бағасын айтады. Оны бір сәтте бірнеше шебер көреді. Сондықтан көлік иесі ең тиімді нұсқаны таңдай алады. Мәселен, жолда көліктің дөңгелегі жарылып қалды делік. Көлік жүргізушісі қосымшаға кіріп, «дөңгелек ауыстыру» дегенге басса – ол жақын маңдағы адамдарды көмекке шақырады. Мұнда география маңызды емес, өйткені, платформа Яндекс картасына қосылған. Ал интернет болмаған жағдайда байланыс орталығына қоңырау шалып, сіз үшін өтініш жіберулерін сұрай аласыз.

Бүгінде Веер.Веер.kz қосымшасын 3 мыңға жуық автокөлік иесі мен 100-ден астам шебер пайдаланады. Қосымша

арқылы барлық пайдаланушылар табыс таба алады. Мұнда бензин жеткізіп беру, аккумуляторды қуаттау, жүргізуші жалдау, жүк тасымалы, курьерлік жеткізу және т.б. қызмет түрлері бар. Оны орнату кезінде серіктес-каршерингтік компаниялардың қызметтеріне 5 пайыздық жеңілдік те қолданылады.

Жоспарда – айыппұл мен көлік салығын іздеу, төлеуді енгізу, қызметтер үшін төлем жүргізілетін және бонустар жинақталатын жеке шот құру бар. Бонустар өз кезегінде, жарнамаға жұмсалуды мүмкін.

– Қазір біз инвестор іздеп жатырмыз, өз бизнесімізді жасағымыз келеді. Бұл платформаны жетілдіруге және оған басқа да пайдалы функцияларды қосуға болады, – деді кәсіпкер.

«Qolday» кәсіпкерлік орталығында Бағлан Олжабаев ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге арналған Qolday Start базалық модулінен (бухгалтерияны жүргізу және салық салу, маркетингтік талдау, Мемлекеттік сатып алуға қатысу әдістері және т.б. бойынша сабақтар), содан кейін It Qolday System бойынша мамандандырылған курстан өтті. Qolday орталығының мамандары оған арнап бизнес-жоспар құрып, соның арқасында Бағлан Zhas Haluk жеңілдетілген несие беру бағдарламасының қатысушысы болды. Ол 21–30 жастағы кәсіпкерлерге арналған. Қарыз кепілдік қамтамасыз етудің жылдық 5 пайыз мөлшерлемесімен 15 млн. теңгеге дейін беріледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

БИЗНЕСКЕ – ГРАНТ

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы жыл сайын экономиканың басым секторларындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өтеусіз негізде 2-ден 5 млн. теңгеге дейін мемлекеттік гранттар беру бойынша байқау өткізеді.

2021 жылғы 1 кезеңнің қорытындысы бойынша конкурстық комиссия 421 жобаны қарады, оның ішінде 216 жоба – халықтың әлеуметтік осал топтарына тиесілі (ХӨОТ).

Барлығы 512,9 миллион теңгеге 162 жоба мақұлданды, оның ішінде: инновациялық – 186,4 миллион теңгеге 56 жоба; ХӨОТ – 326,5 миллион теңгеге

106 жоба, оның ішінде көпбалалыларға – 200,8 миллион теңгеге 63 жоба.

Салалар бойынша гранттардың басым бөлігі өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі – 162 жобаның 111-і қолдау тапты. Сондай-ақ, білім беру саласындағы 11 жоба, ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша 7 жоба, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет бойынша 6 жоба мақұлданды.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтінімдерді қарау кезінде олардың жаңалығы (талап халықтың әлеуметтік осал топтары үшін міндетті болып табылмайды); бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау – маркетингтік талдау); бизнес-жобаның енгізуге әзірлігі (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, жобаны орналастыру үшін үй-жайдың, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның әзірлік деңгейі) негізгі шарт болып табылады.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
4 айға 2402,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
4 айға – 6482,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Әсел ДАҒЖАН

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 30 маусымдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «ТБЕМ ОЙЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Көкқайнар» шағынауданы, Абай көшесі, 1/41 мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 0,3138 га (кадастрлық нөмірі 20-321-032-234) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушысын) ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаеваға жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

«Ашық есік күндері» акциясы

«Педагогикалық Ғылымдар академиясы» қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Отбасы институты» жобасы аясында 23–27 тамыз аралығында Конституция күніне арналған «Ашық есік күндері» акциясын өткізеді.

Акция барысында әлеуметтік ортада үйлесімді қарым-қатынас құру, отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында психологиялық сауаттылығын көтеру, отбасында туындауы мүмкін құқықтық мәселелері бойынша психологтан, заңгерден кәсіби кеңестер беріледі.

Акцияға қатысуға жастар, отбасылар, жас отбасылар шақырылады. «Ашық есік күндері» Алматы қаласының 8 ауданында өтеді.

№	Аудан	Күні	Уақыты
1.	Алмалы	23.08.2021	10.00–17.00
2.	Алатау	24.08.2021	10.00–17.00
3.	Әуезов	24.08.2021	10.00–17.00
4.	Бостандық	25.08.2021	10.00–17.00
5.	Жетісу	26.08.2021	10.00–17.00
6.	Медеу	26.08.2021	10.00–17.00
7.	Наурызбай	27.08.2021	10.00–17.00
8.	Түркісіб	27.08.2021	10.00–17.00

Консультация онлайн-режимде өтеді. Конфиденциалдылық қамтамасыз етіледі.

Қосымша ақпарат алу және консультацияға жазылу үшін төмендегі нөмірге хабарласуыңызды сұраймыз.
Жарменова Айдана Құралбайқызы, +7 701 267 39 93.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жетісу ауданы әкімінің аппараты мен аудандық Ардагерлер кеңесі

Ахметжан Қайырұлы КӨКЕБАЕВТЫҢ
дүниеден өтуіне байланысты Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Ахметжанқызына және жақын туыстарына орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Қазаның арты қайырлы болсын. Ағамыздың топырағы торқа, иманы жолдас болсын.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Халық санағының 2-кезеңі
2021 жылғы 1 қыркүйек –
30 қазан аралығында1) Интернет-сауал салу 2021 жылғы
1 қыркүйек – 15 қазан аралығында
www.sanaq.gov.kz сайтында

2) 2021 жылғы 1 қазаннан 30 қазан аралығында планшеттерді немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда) пайдаланумен интервьюерлердің респонденттерге сауал салуды жүргізуі



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.08.2021

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+31 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

22.08.2021

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+31 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Алаяқтан
сақтаныңыз!Елімізде алаяқтардың
әрекеті тыйылар емес

Қаскүнемдер қоңырау шалып, өздерін «Nur Otan» партиясының қызметкерлері ретінде таныстырып, 960 000 теңге көлемінде төлем рәсімдеуді ұсынады. Ол үшін SMS арқылы жіберілген кодты айту керек.

Бұл тұста төтенше жағдай кезінде мемлекеттен 42 500 теңге алғандар ірі төлем алуға «үміткер» бола алады. Миллион теңгеге жуық жәрдемақыны «рәсімдеу» үшін алаяқтар абоненттерден 1414 қысқа нөмірінен келген СМС-хабарламаларға жіберілген кодты айтуды сұрайды. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бұл нөмірден әлеуметтік төлемдерді алу үшін қандай да бір ақпаратты тарату туралы хабарламаны жоққа шығарды.

– «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ азаматтарға төлемдерді алғаны туралы хабарламамен түрлі құрылымдардан шалынған қоңыраулар және 1414-тен келген кодты жазу қажеттігі туралы хабарламалар келіп түскені жайлы ақпарат келіп түсуде. «ҰАТ» АҚ әлеуметтік төлемдерді алу үшін 1414 код нөмірінен таратуды жүргізілмейтінін хабарлайды, алаяқтарға ешқандай ақпарат бермеуді және 1414-тен келген кодтарды үшінші тұлғаларға хабарламауды сұраймыз, – деп хабарлады ұйым. Алаяқтардың мұндай әрекеттері «әлеуметтік инженерия» деп аталады. Бұл – адамның психологиясын ескере отырып, жеке деректерін заңсыз иемдену тәсілі. Мұндай тәсілді тек алаяқтар пайдаланады, олар телефоннан өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, абоненттен ақша салымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құпия деректерді айтуды талап етеді. Тиісті орындар мұндай дерек сұратпайды.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Кофе тек сергітіп қоймай, көптеген пайдалы қасиетке ие. Мұны диетологтер де растайды. Медициналық New England Journal of Medicine журналының зерттеуі бойынша кофе жүрек пен бауырды нығайтады, инсулинге төзімділіктен қорғайды және тіпті психикалық денсаулықты жақсартады. Тағы бір зерттеу күніне 1–3 кесе кофе ішетін адамдардың өмір сүру ұзақтығы артып, өлім қаупі 15 пайызға төмендегенін анықтады. Ондағы антиоксиданттар жүрек-тамыр жүйесін жақсартады.

Кофе көңіл күйді дұрыстайды. Гарвард ғалымдары орта жастағы 50 мыңнан астам әйелді зерттеп, кофе ішетіндердің депрессиядан аз зардап шегетінін анықтапты. Сусын сонымен қатар, Паркинсон мен Альцгеймер ауруынан қорғай алады. Яғни кофеин мен кофе құрамындағы май қышқылдары ми нейрондарын қорғайды.

КОФЕНІҢ
ПАЙДАСЫ

ЖАҚСЫ ҰЙЫҚТАУ ҮШІН...



«Кейбір тағам түрлері ұйқыға және ұйықтау қабілетіне теріс әсер етеді, сондықтан кешке олардан бас тартқан дұрыс» дейді мамандар. Мәселен, тазартылған көмірсулары бар өнімдерді үнемі қолдану салмақпен қоса, ұйқыға да кері әсер етеді. Оларға, мысалы, макарон өнімдері, крекер, ақ нан, вафли, кәмпіттер және тәтті шырындар жатады. Ащы тағамдар түнгі ұйқыны бөледі. Зерттеулер

көрсеткендей, тұзды қоспалары бар өнімдер терең ұйқыға бату кезеңін азайтады. Қуырылған тағамдар да ұйқының ұзақтығын қысқартады және адамды түнде жиі оятуы мүмкін. Шоколадта бір кесе кофеге қарағанда кофеин аз, алайда ұйқыны бұзу үшін сол да жеткілікті болады. Ұйықтар алдында алкоголь ішу де ұйқының сапасына және оның ұзақтығына қатты әсер ететін көрінеді.

D ДӘРҮМЕНІНІҢ
ҚАЙНАР КӨЗІ

Адам ағзасына D дәрумені қажет, өйткені, ол көптеген маңызды процестерге қатысады. Мұндай тұжырымдаманы ғалымдар ұзақ зерттеуден кейін жасады.

Мамандардың пікірінше, D дәрумені сүйектердің саулығы үшін кальций мен фосфордың сіңуін жақсартуға қажет. Сондай-ақ, бұл витамин созылмалы аурулармен байланысты қабынуды азайтуға көмектеседі, рак клеткаларының өсуін баяулатады және қан тамырлары ісіктерінің пайда болуын азайтады. D витаминін екі жолмен алуға болады: тағамнан және күннен. D дәрумені жоғары тағамдардың қатарына ақсерке, майшабақ, балық майы және тунец жатады. Мамандар балық жемейтіндер D витаминін жұмыртқаның сарысынан алуға болатынын атап өтті. Бір жұмыртқаның сарысында шамамен 37 МЕ D дәрумені бар. Сонымен қатар, аталған витамин түрі саңырауқұлақтарда да кездеседі: олар күн сәулесінің әсерінен D дәруменін өздері түзеді екен.

Әзірлеген
Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.